



ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВ

АЙТУАР

ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВ

АЙТУАР



ӘЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМА

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТАЫ — 1974

Каз2  
Ә55

Әлібаев Игібай.

Айтуар. Өлеңдер мен поэма, Алматы, «Жазушы»,  
1974.

64 бет.

e  $\frac{0743 \quad 262}{M \quad 402(07)-74}$  37-73

© «ЖАЗУШЫ» — 1974.

## **ӘНШІ АҚЫН**

*Игібай Әлібаев араласқан сауық-сайранда оны көрген, сөзін естіген, әндерін тыңдаған халық, аяқ өре тік тұрып, ду қол шапалақтаумен құрмет көрсетеді.*

Бұл сері ақынды мен жас шағымнан білемін. Солтүстік Қазақстанның Преснов ауданында туып өскен. Игібайдың қос әкесі — Әлібай мен Тәжібай. Тұған әкесі — Тәжібай болған да, ағасы Әлібай Игібайды кішкене күнінде бауырына салған. Тәжібай Біржан салға ерген атақты әншінің біреуі. Игібай да бала шағынан ақындық, әншілдігімен көзге түскен.

Басында ауыл мектебін бітірген Игібай Қызылжардағы педагогика техникумына түсіп, соның ішінде үйымдастын әдебиет және музыка үйірмелерінің белсененді мүшесінің бірі болды.

Одан әрі Игібайдың өнері екі жүйеде өрбиді. Мұғалімдіктегі және сауықта. Ол ауылдағы мектепте балаларға отыз жылдан астам сабак өқытады. Сонымен қатар театрдағы және концерттердегі сауықтарға қатынасып, ел көзіне артистігі және әншілдігімен де көрінеді.

Бұның аяғы Алматы, Москвада өткізілген қазақ өнерінің сауықтарына тұтасып, бірнеше рет жүлде алады. Игібайдың әндері пластинкаға жазылып, аспанда да шырқалады.

Игібай атақты әншілдігімен қатар, жас кезінен өлең де шыгарғыш болған. Әуелі ауызша, кейін жазбаша оның әдемі өлеңдері газет, журналдар бетінде көп жылдар бойына сан рет жарияланды. Бірталай жақсы өлеңдері әркезде басылған ақындар жырларының жинақтарына да қосылды.

Игібай биыл — 1973 жылды жетпіс жасқа толады. Соған байланысты оның көп жылдар бойына жазған және жарияланған өлеңдерінен Қазақстанның мемлекеттік баспасы — «Жазушы» бір тобын таңдал алып, жеке жинақ қып жариялады. Жинақтың аты «Айтуар» — бұл Игібай туып-өскен мекеннің аты. Қазір ол ауыл «Киров» атанатын совхоздың бір бөлімі.

Жинақты құрастыруда «Жазушы» баспасы көп шеберлік көрсеткен. Басы құралған өлеңдердің барі де дәмді және Отанның, ауыл-байың советтік дәуірдегі тұрмысын сипаттайды.

Кайда барып, қай жерде көрінсе де Игібайдың қолшапалақтан қарсы алатын қауым оның бұл жинағына да солай қарауына күдігіміз жок.

*Сәбит Мұқанов*

25 март 1973 жыл.  
Алматы.

## ҚОШ БОЛ, ЖАСТЫҚ!

Қайран ел, қайран жерім — туып-өскен,  
Ата-анам қаным төгіп, кіндік кескен.  
Балауса, балалық шақ — сәби күнім,  
Бір пара қызық еді-ау бастан кешкен!  
Төпелеп баска-көзге тал шыбықты  
Ат қылып,

сүйрей шауып бәйге дескен.  
Сақаны сартылдатып ақ тақырға,  
Жаз бойы ышқырымды асық тескен.  
Онан соң желбіреген жігіт шағым,  
Қөңілге желік беріп желдей ескен.  
Ақ сүйек,

Алты бақан,  
Кызы-бозбала  
Ән қосып аққу-қаздай бой теңескен.  
Айлы тұн.

Ашық аспан,  
Ыстық ерін  
Балауса, майсаға аунап шөпілдескен.  
Фашықтық отына еріп жүрек шіркін,  
Махаббат балын жұтып елжірескен.  
Шалқытып шар тарапқа сезімімді,  
Тишимай тілсіз қиял — көкей тескен.

Күлкі ойнап әр арудың ақ жүзінде  
Қия алмай іштен ғана хош бол дескен.  
Дариғай! Баға жетпес сол бір күндер,  
Әлі де елес беріп кетпейді естен.  
Сондықтан мұра деп бұл жастық шақты  
Тапсырдым, үрпағыма кейінгі өскен!



Жырым көп менің әлі басталмаған,  
Бұл өнер душар болған жастан маған.  
Болса да жасым қартан,  
Үнім асқак,  
Әнім бар ақку құстай аспандыған.  
Қадірлі қарт жолдасым өлең менің,  
Өрбіткен өлеңімді ел — кеменгерім.  
Екі дай сөз майданы ашылғанда,  
Теңіздей толқын атып тебіренемін.

## ДОМБЫРАМ

Серігім сегіз жастан сен, домбырам,  
Құйылған қолыма алсам, сөз —  
домбырам,  
Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне,  
Бұлбұлтым сан сайыста жыр оздырған.

Небәрі сегіз-ақ қой пернелерің,  
Сонда да күй бол жанды кернеп едің,  
Жүйткітіп он саусақты қаққанымда,  
Өзіңнен төгілген күй сел ме дедім.  
Жықпадым көңілінді мен ешқашан,  
Жықпадың көңілімді сен де менің!

## **ЕЛДЕН АЛДЫМ**

Елден алдым өмірдің көркем жазын,  
Кеудеме құйған асыл әннің сазын.  
Желге ойнап көлеңдеген көк шалғындай,  
Ел еркесі — секілді күнде мәзбін.

Елден алдым жоғымды,  
Керегімді,  
Біріндей боп ерлердің терең үнді.  
Десе егер бар ма еңбегің елге сіңген,  
Білмеймін нешік жауап берерімді,

\* \* \*

Келсем де осынша жас қырларына,  
Арқау боп айбынды өмір жырларыма.  
Жақсы ай,  
Сәтті күндер,  
Отты жылдар  
Толтырған күнде менің нұр маңыма.

Жетсе де жетпіс өтіп,  
Сексенің де,  
Келтіріп мұнан да егде,  
Кексе күнге,  
Қоя алман өлең-жырды,  
Тоя да алман,  
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде.

Ойым жоқ кәрілікке қиналатын,  
Ойым жоқ біреулерге бұлданатын.  
Ойым жоқ еңбек етпей, тірі отырып,  
Қадірмен қатарымнан құр қалатын.

Сондықтан той үстінде, мерекеде  
Шалқытып, серпу керек ән қанатын.  
Қыздырып, думандатып қалың топты,  
Менің де күнім бүгін қарсы алатын.

Қарасам, шырын балдай далам гүлін,  
Ізетпен тарту қыпты маған бүгін,  
Қызғалдақ келешегім — күлімдейді  
Ұсынып елімізге жаңа ән, жырын.

Куатты, құтты мекен гүлстаным,  
Малынып күн шуакқа түр қыстағым.  
Бір тынбай қызу еңбек қыза түсті,  
Жасасын Компартия — ұлы ұстазым.

Қайырымды, ашық қолды Қазақстан,  
Баулаған бізді ерлікке бала жастан.  
Гүлденіп,  
Түрлене бер туған елім,  
Көгінде биіктеге қыран ұшқан.

## ТУҒАН ЖЕРІМ—АЙТУАР

Тұған жерім, қымбаттым Айтуарым,  
Сезіп пе ең таң арайлы бакыт барын.  
Сезіп пе ең жазирадай жаңа өмірді,  
Оныңнан ай, солыңнан күн туарын.

Бұл күнде құшағыңа сиғызығандай  
Алтыпсың табиғаттың нелер нәрін.  
Келелі іс әр кеудеге нұр құйғандай,  
Көңілді,  
Көтеріңкі адамдарын.

Жырға нәр,  
Тілге тиек, алтын тұрақ,  
Қазынаң мол, қоймаң мол танабында.  
Еңбеккөр ел мақтаны — мың шам-  
шырак,  
Артықша албырт күш бар талабында.

Ал бүгін осы ғажап алабында  
Малынып, күлімдейді дала нұрға,  
Мен үшін сәулетті бір шұғыладайсың,  
Ойға өлең,  
Сөз оралтар қаламыма.

## „ЖАЛАҒАШ“—ҚҰТ МЕКЕНІМ

(Естелік)

Есімде менің ауылым,  
Қезімде балғын дәуірім,  
Мекендереп өткен аталар  
«Жалағаштың» бауырын.

Он үй едік небары,  
Отырушы ек екі дай:  
Сегіз үй кедей, қалғаны  
Шалбай, Жанбай — екі бай.

Екі бай жүрер кіжіндең,  
Қату қабақ түйілген.  
Тату тұраг күні жок,  
Сойыл, шокпар үйірген.

Тәйірі, онда кім едім,  
Пәс сирақ бала едім,

Қара сирақ бала едім,  
Бұлқынған жас жүрегім.

Баарар жер жоқ, басар тау,  
Келмеген іс ыңғайға.  
Олардан жоқ асар жау,  
Би-болыс бізді тыңдай ма?

Қыбыр етсек,  
Қыңыр деп,  
Не керек саған құрғыр деп,  
Қарғап, сілең жатады,  
Күн ұзакқа жүгір кеп!

Жаңғырыкты жастанып,  
Жаттым талай бүкшиіп.  
Қөзден кетер жас тамып,  
Бай шыққанда түксііп.

Өтіп жатты солай күн,  
Жұрдай ғып төзім-шыдамды.  
Көзімді әр кез бұлаймын,  
Қарғап та сілеп «құдайды».

Сонда әкем Әлібай  
Ән-куйден жігер табатын.  
Кедеймін деп налымай,  
Домбырасын қафатын.  
Ағасы — туған Тәжібай  
Косылып мұңмен жырлаған.  
Осынау жырды қажымай  
«Жалағаш» қана тындаған.

Рамазан мен Игібай —  
Ағайынды баламыз.

Бұқтырады күллі бай,  
Жабырқау әнге саламыз.  
Отынды жаяу тасимыз,  
Салпақтап қозы бағамыз.  
Алғыс та алмай жасимыз,  
Қайтсек байға жағамыз?!  
Өзімізді-өзіміз  
Қөтермелеп аламыз.  
Бір жерден шығып сөзіміз,  
Сондайда әнге саламыз.

Арада жылдар өткенде,  
Он жетіге жеткенде,  
Қекжиекте нұр шашып,  
Азаттық атты күн туды.

Арайлап алдан ақ арман,  
Жүрек аттай бұлқынды.  
Шұғыла құйып жанардан,  
Октябрь атты күн туды.

Күн жарқылы жайылып,  
Сүйді беттен сағынған,  
Жауымның жағын айырып,  
Топшысын қағып қайырған.

Ауылым қуып байларды,  
Кегім бір сонда алынған.  
Байлардың қолын байларда  
Біздерге бәлем жалынған...

Қайғылы мұн, қара тұн,  
Бірте-бірте арылған.  
Еңбек қағып қанатын,  
Жаңа ән мен жыр ағылған.

Топыраққа көміліп,  
Патша ордасы жабылған.  
Біздейлерге бақ қонып,  
Шырағымыз жағылған.

Тиді тендік-тегіндік,  
Сол күн кетпес ойымнан,  
Айналайын лениндік  
Октябрьдай айымнан!

Сонда менің ауылым,  
«Жалағаштың» бауырын  
Жаңғыртып жаңа сап құрды,  
Бөлеген сәнгे қауымын.

Жүдеген көңіл желпінген  
Дүние кеңіп кеткендей.  
Қара тұман серпілген,  
Ел қолы айға жеткендей.

Сауатын ашып бақытты ел,  
Жарлы-жақыбай жетілді.  
Маңдайды жуды жақұт тер,  
Ел буыны бекінді.

Трактор келіп ең алғаш,  
Егін салды сегіз үй.  
Өркендей түсті «Жалағаш»,  
Октябрьден алып сый.

Құраған гүлдер бір кезде,  
Жайқалып кетті лезде,  
Күнде қызық,  
                          Той-думан,  
Куаныш нұры түр көзде...

Шешек атқан гүл бағы,  
Көргеннің көзі қанбастай,  
Жайнаған Ильич нұр шамы  
Бейне бір жалқын алғашқы ай.

Құштар едім жасымнан  
Осы арманға жетуге,  
Қаруды бірге асынғам,  
Абыройды ақтап өтуге.

Мәпелеп мені өсірген  
Ауылым — алтын бесігім.  
Шығарман сені есімнен,  
Сен үшін ашық есігім.

Өзіңе ыстық сөзіммен,  
Осынау жырды ұсындым.  
Сағынған сәби сезіммен  
Есіме ұзақ түсірдім.

Белестер — өмір өлеңі,  
Өмірдің әрбір кезеңі.  
Белестермен сырласып,  
Еске алдым,  
достар, мен оны.

Еске алу деген тегін бе?  
Түскен жоқ бақыт тегінге.  
Күреспен келген Октябрь  
Жасайды менің елімде.

Осынау туған Отаным  
Махаббатым менің де,  
Октябрьден от алдым,  
Мың алғыс дана Ленинге!

## ШАЛҚЫДЫ ЖЫР

Тағы да жылдың құсы келді Есілге,  
Қуаныш жер ананың қеудесінде.

Аққу,

Қаз,

Шағалалар ән қосады,

Жатқандай думан құрып көл төсінде.

Шалқиды жыр осылай жер төсінде,

Шалқиды ән осылай ерке Есілде.

Осылай шалқиды өмір көктем, күзде  
Толқыған алтын астық өлкесінде.

## ҚАЗАҚСТАН

### I

Қазақстан аялайды, құшады,  
Алаулаған, неткен ыстық құшағы.  
Әділдікті, махаббатты мейірмен  
Емірене, баурина алып қысады.

Астықты аймақ қазынаға тұнып тұр,  
Ерлер мәз боп, миғынан күліп тұр.  
Осы ерлердің өз қолында жасалған  
Ғажайыпты елім менің ұғып тұр.

Жалғастырып аспаны мен даласын,  
Ән шырқаймыз мәз ғып бәбек баласын,  
Дүниенің төрт бүрышын кезсең де  
Мұндай жаннат қайдан іздең табасың!

### II

Қазақстан — өр қеуде асқаралы,  
Алатау, әсем Қөкше, Қарқаралы.

Бір туған ағайында — халықтары  
Тәрізді күміс теңге алқадағы.

Төменнен өрге өрлеген жыныс тоғай,  
Тербеліп таң самалда шайқалады.  
Жалынды жардың ыстық құшағындай  
Көремін қойны шуақ астананы.

Көркейіп, көкірегім тебіреніп,  
Елу жыл арман шері тарқағалы.  
Шарқ ұрған шар тараптың қарлығашы,  
Шәрбатты, ел шаттығы — жастар әні.

Сыңсыған, жақпар сүйіп әншіл шырша,  
Сақшыдай тізіліп тік саптанады.  
Баяғы қараша үйлер — қалған жүртта,  
Әп-сәтте жүлдyz шоғы — қаптады әне.

Сан ғасыр ата-бабам армандаған,  
Ұрпағы осы емес пе ақтағаны.  
Әлемде ешкім енді таласа алмас,  
Байлықты көрсе мына Арқадағы.

Жырлаймын өре жетпес өр өлкені,  
Қарсы алып егіз үлдай мереекені,  
Жырлаймын, жайлыш-сәнді үйлермен  
Дарқан қол — мол дастарқан берекені.

Кенелдім бақытқа мен көз көрмеген,  
Байқасам, өнірім жоқ өзгермеген,  
Атыңнан мың айналсам артық болмас,  
Мың есе ардақты еткен өзгелерден.

Таң самал — тамылжиды алау нұрдан,  
Желбіреп тулар асты анау қырдан.

Дәстүрі дәуірімнің осылайша  
Жаралған біздің осы заман нұрдан.

Қашаннан қасиетті, дарынды елім,  
Бастаған адалдыққа жалынды едің.  
Қуантқан қуанышты мерекене,  
Он толғап осылайша әнімді өрдім...

Гүлденді елім менің, еңбек өрлеп,  
Айшықтап, әшекейлеп салған өрнек.  
Дүние дубірлейді,  
Күлімдейді  
Бақыттың бақшасында шаттық кернеп.

Көктемнің гүлін желпіп күнгейім тұр,  
Жер балқып,  
Еміреніп аспан терлеп.  
Ән болып мұның өзі әр кеудеге  
Құйылды сусындағып, тасқын сел боп.

Бір жағы алып тұлға Қарағанды,  
Саулатқан түптен тартып қара дәнді.  
Ұрпағы әке өлкесін нұрға бөлеп,  
Адымдап болашаққа барады әні.

Донбастың Қарағанды інісіндей,  
Ici de,

Тілегі де бір кісідей.

Сүйісken тес тақасып,  
Күшақ ашып,  
Кіршіксіз ізгі достық үлгісіндей.

Ал, анау «Соколов-Сарыбай», «Орал»  
кені,  
Еңбектің таңдаулы онда миллион ері.  
Көлкітіп шығысында мыс-теңізін  
Үндесіп жатыр дарқан «Балқаш» көлі.

«Балқаш» ол — көл біткеннің анасында,  
Тірліктің Тыныс тартар саясында.  
Ағылтқан ырыс-дәulet, бақытқа ұя,  
Жер қайда күнгейдің бай даласында.

## АЛАТАУ

Арайлы Алатаудың жоталары  
Тәрізді тізбектелген бота-нары,  
Ауасы салқын да емес,  
Бістық та емес,  
Айында жайма-шуақ отамалы.

Мөп-мөлдір күркіреген өзендерің,  
Жаз жайлап,  
                  Қыс қоныстап безенді елім.  
Жазира,  
                  Ертелі-кеш жайлаған мал  
Майдан шайлар көкзенгіл жеген шебін.

Желпіген ән,  
                  Өлең-жыр заңғарлары,  
Үн қосқан қыз бер жігіт Талғардағы,  
Жастық шақ — жалын атқан бірақ сонда  
Өткенін неғып жылдам аңғармады.

Алқалы Алатаудың жалпақ жоны,  
Ақынға шабыт берер жаңа, соны,  
Тұрғандай сыр алысып Алтай, Көкше  
Әнекей, аспан шалған айбынды өрі.

## АЛТАЙФА

Алтайдың жырламасқа әсем жерін,  
Айтшы, дос, бар ма сірә, еркім менің.  
Құлтелі қызғалдағы қой басындаій,  
Гүлденткен әшекейлеп қыр мен белін.

Бөріктей боз бетеге төнкерілген,  
Қырмызы тау етегі көмкерілген.  
Май көде,  
    Балғын көде,  
    Жоңышқасын  
Жеген мал майдан баспай жөнкерілген.

Сүбесі сүйем қойлар, жұні қарыс,  
Жайланаң тау беттерін шүйгін алыс,  
Қызыл ту қия шында желбірейді,  
Еңбекке ел жұмылған салып жарыс.

Ай төніп адыр-асқар төбесінен  
Нұр төгіп ой-қырына белесінен,  
Жайнатқан шығысты аймақ шұғыласы  
Бақыттың бал қүйғандай өресінен.

## МАРҚАКОЛ

### I

Көз жетпес көркем екен төнірегі,  
Ғажап бір ертегідей көрінеді.  
Қарағай,  
    Қайын,  
    Үшқат сыйбыр қағып,  
Жасартып көңілімді тербеледі.

Бэйшешек мәуеленген жапырағы,  
Жайқалған жасыл толқын атырабы.  
«Марқакөл» қарындасы, Алтай аға,  
Жарасып жақын туыс жатыр әні.

## II

Алтайдың астық, міне, асқарынан,  
Қыран да әрең үшар аспанынан.  
Төсінде жатыр екен Айнакөлі,  
Жарқылдал жаралғандай асқан нұрдан.

Айнала ақық таспен көмкерілген,  
Алтайдың көзі ме екен төңкерілген.  
Қой өріп жыныс ағаш арасында,  
Сол көлдің толқынымен тең көрінген.

Бэйшешек мәуеленген атырабы,  
Айнакөл айдынына шақырады.  
Қосылдым жас қойшының дауысына,  
Кеудемнің толқындай боп шалқып әні.

## ЗАЙСАН

Атына құмар едім Зайсан деген,  
Көргендер жері сұлу, жайсаң деген.  
Бар еді бір арманым алдыңа кеп,  
Ән шырқап, құлашымды жайсам деген.

Сұлу көл мен жерге сән береді,  
Аузыма Зайсан десем, ән келеді.  
Көліндей кең арнада елі шалқып,  
Бұлбұлға ән шырқасаң тенгереді.

Зайсанда ән менен күй жамырасқан,  
Бұл елдің сәулетінің бәрі дастан.  
Колымда қалам емес, домбыра ғой,  
Шертейін пернелерін жаңылмастан.

Жасымнан ақыным деп атап елім,  
Жыр төгіп талай сөзді матап едім.  
Ауылым әттең алыс,  
Сапарым бар,  
Жаңағы әнді шырқап жатар едім.

## ЕРТІС ӨНІ

Жағалап келдім, міне, мен Ертісті,  
Ертісім өзен екен өрен күшті.  
Көргенде көтеріліп ән шырқап ем,  
Аңқылдаپ толқындары ере түсті.

Ертістің шыққан жерін көрдім барып,  
Құз таудан құлап аққан жойқын алып.  
Зайсанды жарып өтіп аққан шырқап,  
Алдынан ән күткендей тойлы халық.

Бейне бір жарапғандай кереметтен,  
Талай жыл туласп өткен не бөгеттен.  
Жалынан тартып елім емірентіп,  
Көл жасап,  
Айдынынды терең еткен.

Әлі де алабұртып аққан Ертіс,  
Арқаны алақанға ап жатқан Ертіс.  
Жан-жағы нұрлы өмірдің шұғыласы,  
Нәр беріп айналасын баққан Ертіс.

Уа, халқым, үқсамай ма бұл аңызға,  
Ақ Ертіс қосылады Нұрамызыға.  
Ән төксе арқыраған өзен қырға,  
Қосылмай ағысына тұрамыз ба?

Ән салған Ертісті өрлең Естай ақын,  
Тұра алам жырға қалай қоспай атын?  
Дабыл ғып домбырамды көтерейін,  
Қырандай көкте жайған қос қанатын.

## КӨКШЕМЕН СЫРЛАСҚАНДА

Көз салсам кербез Көкше аймағына,  
Бақ-дәulet етек апты кең жайыла.  
Көңілді ел,

Көгілдір бел жота-жота  
Еңбектің ерлер қызу майданында.

«Арқада жер жетпейді Бурабайға»,  
Бір кездे деп жырлаған Сәкен аға.  
Үн қостым мен де бүгін тебіреніп,  
Ән шырқап домбыраны қолыма ала.

Көктемдей көңіліме құйып шырын,  
Откендей елес беріп бір жас бұрым.  
Тұрғандай күлім қағып сұлулары  
Ұсынып сол Көкшениң бір шоқ гүлін.

Уа, Көкше! Ақындық-ау тұла бойың!  
Асқақтаң, аспандаған асыл ойын.  
Ақанның бұлбұл даусы естіледі,  
Жатқандай думандатып жасап тойын.

Боп қалды бұл ел бізбен таныс бәрі,  
Тербеліп сексен көлдің қамыстары,  
Қол бұлғап аттандырыды ел,  
Хош айтыстық,  
Қайтейін, қимасам да алыстады.

Уа, Қекше! Менің жырым — сенің  
жырың,  
Қашанда менің сырым — сенің сырың,  
Қөргеннен қошаметтеп, құрметтеп,  
Куана аялады елің бүгін.

## БІРЖАНСАЛ АУЫЛЫНДА

Бұл ара — туған жері ақын Біржан,  
Ұшырған жер түбіне әнін қыран.  
Мен-дағы сол серінің шәкіртімін  
Жасымнан ұстаз тұтып жолын қуған.  
Жол түсіп Қалекене еріп жүрміз,  
Біз елден сый-құрмет көріп жүрміз.  
Нұрғожа, Ақан, Шәкен, Біржан аға  
Жемісін ән-жырының теріп жүрміз.  
Тербеліп теңселеді майсалары,  
Қөргенде көрінісі ой салады.  
Біржанның талай сайран құрған жерін  
Қызықтап ақын ұрпақ ән салады.  
Жадырап жағасында Жөкей көлдің  
Ақындық парызымды өтей келдім,  
Тасыған дарияның толқынындай  
Әндетіп домбыраға атой бердім.  
Қарсы алды қуанышпен ақын елі -  
Қөтеріп көкке бүгін жатыр мені,  
Қөргенде еңбек сүйгіш ұрпақтарын  
Тимей тұр төбем көкке екі-ак елі.

## ҚАРИЯЛАР СЫРЛАСТЫ

Шіркін, Есіл,  
Ерке Есіл қадірлі,  
Тынбай акқан,  
Дөңбекшіген ғасырлар.  
Аңсағаны,  
ақ арман боп кәдімгі  
Өтіп еді талай-талай асулар.

Кереметті жоқтай көріп өзінен,  
Жарқылдайды Айға ұқсап қабағы.  
Жалын шашып жанарынан,  
көзінен,  
Ақ көбігі аймалайды жағаны.

Кейде арнадан асып атқып далаға,  
Толқындарын лақтырады лепірген,  
Ақшабақтай ойын салған жағаға  
Шөпілдетіп,  
сүйіп шырша бетінен.

Қарап оған Әнес пенен Қәрібек,  
Аршиды да,  
қайнатады балығын.  
«Шіркін, Есіл,  
Карт жандарды әлдилеп,  
Бір тоқтамай, жөңкілтеді ағынын».

Деп екеуі қарасады үңіліп,  
Көз айырмай,  
Сылаң қаққан ағынға.  
Алтын шашын тарағандай сүзіліп,  
Сыбырлайды қайыңы мен талы да...

Ақын менен әншінің  
Тұып өскен жері бұл...  
Саятшы мен аңшының  
Сайран салған жері бұл.  
Сырымбеттің шыңынан  
Ән тасыған елі бұл.  
Ақан сері жырынан  
Бал тасыған белі бұл.

Бас қостық сол ауылда  
Ақын, әнші бір тобы,  
Іздеп келген бауырына,  
Қеудемізде жыр толы.  
Қалекене еріп жүр  
Игібайдай қарт ақын.  
Інілері жанында  
Тереңнен сөз тартатын.

Нұрын құйған жаныма  
Күнім болған осы жер.  
Жайқала жайнап бағыма  
Гүлім болған осы жер.

Осы бір жерді қөргенде  
Тасиды менің жігерім,  
Алыстан аңсап келгенде,  
Тулайды менің жүрегім.  
Бүгін қызық,  
                  Тамаша,  
Бүгін жап-жас көңілім.  
Бүгін жайнап жаңаша,  
Жайнады жаз боп өмірім.  
Алтын арай, ақ маңдай,

Алдынан күнде шығады,  
Жалғастырып жатқандай  
Есіл,  
Ертіс,  
Нұраны.

## ӨСІРГЕН ЕЛІМ ТҮЛЕГІН

Қозғайды қос шек сырымды,  
Аспандатып үнімді.  
Жырлаймын туған елімді,  
Жырлаймын нұрлы күнімді.

Бұлтты жарып шыққандай,  
Елімнің жарқын сәuletі.  
Қас-жауы қорқып ыққандай  
Айбынды туған әuletі.

Тартып туған еліне,  
Көрінген еңбек өрінде  
Жұлдегер ылғи майталман  
Сүйсінем батыл еріне.

Ұл-қызы батыр қаһарман  
Оза шығып жарыста,  
Ардағы елдің атанған  
Атағы жетіп алысқа.

Жасынан баулап еңбекке  
Өсірген Отан түлегін,  
Жайылсын атың жер-көкке,  
Қадірлі менің ұлы елім!

## АЛТЫН ФАСЫР АЯСЫНДА

Таңым қандай арайлы,  
Тұнім неткен тамаша!  
Ай күлімдеп қарайды,  
Жұлдыздар мәз балаша.

Еседі ілбіп самал жел,  
Құйып тұр рахат жаныма.  
Асыға күткен, аңсап ел  
Жиналған Ильич бағына.

Сілтесек құлаш қияға,  
Шалғайды жақын етіп тұр.  
Құшақ аштық қуана,  
Арманға қол жетіп тұр.

Әсем әндер шырқалып,  
Қәусар күйлер төгілді.  
Күміс күннен нұр тамып,  
Сәуле жыр боп өрілді.

Ильичтен біздер үлгі алдық.  
Бақытқа бақи шүйгідік.  
Тарихтан талай жулде алдық,  
Ісіміз болды игілік.

Мызғымас біздің іргеміз,  
Жайқалған өмір желегі.  
Ильичпен мәңгі біргеміз,  
Бізді бастап келеді.

Мінекей, шаттық шарқ ұрып,  
Шапағат нұры шашылды.  
Жасаймыз мәңгі жарық қып,  
Лениндік алтын фасырды!

## ЛЕНИН НҰРЫ

### I

Ленин нұры — жарқырап Кремльде,  
Жарқын күндей күлімдеп тұр елімде.  
Қасиетті көсемнің ақыл-ойы  
Тұп-тұтас дүниенің жүрегінде.

Ленин нұры-кіршіксіз, мәлдір айдын,  
Тебіренткен әлемді әрбір ай, күн.  
Коммунистік салтымыз — адал еңбек,  
Сол арқылы алысқа қанат жайдым.

Елімнің ежелгі сол салтына орай,  
Еңбек — табыс зейнеті алтын арай.  
Ұлы көсем, партия арқасында  
Шалқып өсіп келемін дариядай.

Шарықтап шағаладай ыстық сезім,  
Жұдырықтай жүрекке бермей төзім.  
Нұрлы өмірді мақтан қып паш етеді,  
Паш етеді дәүірімді Ленинизм.

Ленин нұры — әркімнің жүрегінде,  
Шар болаттай майырылmas жігерінде.  
Адастырмас алдымда даңғыл жолы,  
Күш-руаты баршаның білегінде.

Жанашыр Ленин дана партиясын  
Шегі жок қуанамын,  
Сүйемін де.

Жайнатты жарық қылып ел даласын,  
Екті де сембейтұғын гүл еліне.

## II

Көсемге асыл өлең жарасатын,  
Сипаттап жеткізе алсам парасатын.  
Келсем де он сегіз мың ғаламды орап,  
Ешқайдан тең таппаспын таласатын.

Аударып ауыр жүкті құдіретпен,  
Жеңістің Россияға туын тіккен.  
Қаһарман қазақтың да батырлары  
Дананың даңқын қырда дүбірлеткен.

Лениннің әділетшіл сондағы ойы,  
Бостандық деген ізгі ғасыр бойы,  
Іске асып, жемісі елге сәуле шашып,  
Октябрь жер жаңғыртқан ұлы тойы.

Қарасам қазір қазақ даласына,  
Ертіс пен Ақ Жайықтың арасына,  
Лениннің ой-акылы,  
Ақ арманы  
Орнаған бүкіл халық санасына.

## III

Құресте шыныққан әр ардагері  
Бар күшті жеңіс жолға арнап еді,  
Лениндік партияның дәстүрінен  
Алшаңдал ай, жыл сайын алға өрледі.

Өрледі содан бері қазақ халқы,  
Әлемге шықты шырқап атақ-даңқы,  
Сақталды ұлы Ленин арқасында  
Елімнің қасиетті дарқан салты.

## IV

Ленин нұры-бік шың көз жетпейтін,  
Жырлауға ұлылығын сөз жетпейтін.  
Табанды тапжылмайтын құрыш тіреу,  
Қырағы көздегені мұлт кетпейтін.  
Ленин нұры — қалың көп өмірінде,  
Нығайған жігер,  
Сезім,  
Сенімінде,

Сол нұрдың күшіменен космосты ашып,  
Ұшырған жердің жүйрік серігін де.

Ленин нұры — ұлы күш даңқы асыл,  
Шынықтырған елімді жарты ғасыр.  
Шарықтап кетті Отаным биқтерге  
Шалқыды бақыт,  
Байлық ұлан асыр.

Ленин нұры — дем берген ерлеріме,  
Жауды аямай қирата женгенімде.  
Ғажайып жарты ғасыр заман өтіп,  
Қуанам Ленин туын көргеніме.

Қуанам ет жүрегім алып ұшып,  
Әкемдей аялаған жанды құшып.  
Ленинше еңбек етсем деймін елге,  
Әрқашан ақ жүрекпен таңды құшып.

Жүгіріп жастан бақыт қуғанымда,  
Құйылды теңіз болып жыр жаныма,  
Бүгінгі ұрпағыма мақтан етем  
Ленин дәуірінде туғаныма.

## ОТАНЫМ

Отаным,

Жүргіңмен жүрегім бір,  
Сондықтан өзіңменен жүремін бір,  
Аямай мандай терді еңбек етіп,  
Мәуелі бау-бақшаңнан тेरемін гүл.

Отаным,

Қанат қақтым,  
Фарыш бардым,  
Шабыт ап шұғыланнан ән шығардым,  
Шалқыған өлеңімді ту ғып ұстап,  
Саянда дәурен кешкен жан шығармын.

Партия нұрын көрем өлеңімнен,  
Әйткені онан жақын ешкімді мен  
Содан ылғи нәр алып келемін мен.  
Таба алман жердің басқа бөлегінен.

\* \* \*

Жігерім алмас — жебедей,  
Жүргім талмас — кемедей,  
Табаным таймас — шегедей,  
Кеудем асқақ — төбедей!

Еңбеккермін елірмен,  
Құш-білімнен женілмен  
Іздеймін тек лениндік  
Әділдік адад өмірден.

Күткенім —  
күнде жақсылық,  
Көргенім қызық той-думан,  
Бақытым ғажап —  
мәңгілік,  
Әперген Ленин —  
ер туған.

Жалт еткен анау аспандай,  
Жайылған бізде дастарқан.  
Коммунистік өмір жәй,  
Ән-жырменен атқан таң!

## ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ

Эне, топ-топ комбайн,  
Қаратып күнге маңдайын,  
Құлагердей құлшынып,  
Жарысқа түскен әрдайым.

Жанарлардан жалынды  
Жалқын сәуле төгілді.  
Жылуы кернеп жанынды,  
Жүректе жыр өрілді.

Адамдар өз қолымен  
Жасаған осы ғажапты.  
Қайырлы таң!  
Сонымен  
Тағы бір жаңа таң атты!

## КӨКТЕМ ШУМАҚТАРЫ

### I

Көктемнің көкірекке лебі дәрі,  
Майда ескен баяу самал желі дәрі.

Көктемде көңілденіп күледі аспан,  
Жұлдыздар акша бұлтқа жазып дастан.

Көктемде қыс жоғалып қызыл шұнақ,  
Жайрандап жаз келеді жылы шуак.

Көктем кеп желкілдетер қызғалдағын,  
Ел тыңдар қызғалдақтай қыздар әнін.

Бұл көктем жүректерге нұр береді,  
Кең дала қызыл-жасыл түрге енеді.

Елімде жаз да көктем, күз де көктем,  
Көктемді құлпыртады еңбек өктем.

«Көктемнің бір күнгісі бір жылға азық»,  
Деген мақал — айнымас темірқазық.

### II

Келгенде кербез сұлу, жарқын көктем,  
Қар еріп, сең бұзылды астан-кестен.  
Өңкіген өгіздей боп мұздар қалқып,  
Сырғанап,

арналардан тынбай кәшкен.  
Желлінді батыс жақтан соғып желкем,  
Бетімнен аймалайды жылы леппен.

## ЖЕКЕ ШУМАҚТАР МЕН ЕГІЗ ЖОЛДАР

Адамға ең қымбат іс — адамшылық,  
Адамды жиіркендірер жаман қылық.  
Жаны өлсе де өлмейді адап адам,  
Өзі шыққан биікте қалар тұрып.

(\*) \* \*

Өмір деген ағын ғой бір толассыз,  
Толқынына толқын келіп жалғасқан,  
Бірақ та бар кейбіреулер тым арсыз,  
Оңай олжа,

Тегін жемге жармасқан.

\* \* \*

Бір өмір бар өзеуреген өлермен,  
Бір өмір бар тіміскүмен күн көрген.  
Бірақ оның өрісі тар,  
                  Өнімі аз,  
Көлеңкеде өтемін деп шерленген.

Енді бірі өр қияға өрлеген,  
Тынбас еңбек,  
                  Отан үшін терлеген.  
Ондай өмір өнегелі,  
                  Үлгілі,  
Ар-намысты жатқа,  
                  Жауға бермеген.

■ \* \*

Кім түсінсе өмірдің қасиетін,  
Сол ұмытпас Ильичтің өсиетін.

■ \* \*

Немерецнің бір күлген күлкісіне,  
Дүние жетпес жалғанда, біл түсіне.

■ \* \*

Адаммын деп не керек жайнамасаң,  
Мағынасыз тірліктен не пайда бар,  
Ел қамын,  
                  Ұрпақ қамын ойламасаң.

\* \* \*

Бір кезде таңдал сүйген қызыл гүлін,  
Неге теріс бұрады жүзін бүгін?  
Себебін мен үқпайдым,  
Бала емеспін,  
Достым-ау, ендігісін өзің білгін.

\* \* \*

Қырық жылғы ботқасын күнде ақтарып,  
Біреулер жүр білгішсіп салмақтанып,  
Біледі ғой жұрт бірақ кім екенін,  
Алысқа бара қоймас ол мақтанып.

## САНДАЛБАЙ

Уа, Сандалбай, Сандалбай,  
Өмірді жүрсің аңғармай,  
Қаңғыра беру үят қой,  
Еңбек істе сандалмай.

Тұрғанда заман таң қылышп,  
Сандалбай жүр қаңғырып,  
Деп біреулер құледі  
Ардан безген әңгүдік.

Етпейсің еңбек қоғамға  
Бетіңмен қаңғып жүресін,  
Еңбекке қосыл одан да,  
Қайтып өмір сүресің?!

Уа, Сандалбай, Сандалбай,  
Кел еңбекке сандалмай,  
Қалпағың бастан кетсе ұшып,  
Қаларсың бір күн аңғармай.

## НЕ ҚЫЛСЫН

Өмір мені не қылсын,  
Танытпасам өзімді.  
Еңбек етіп ел үшін,  
Ағылтпасам сөзімді.

Достар мені не қылсын,  
Бақыт нұрын шашпасам,  
Ана менен баланың  
Жаз көнілін таппасам.

Заманым мені не қылсын,  
Сыр қадірін білмесем.  
Заманым мені не қылсын,  
Жыр қадірін білмесем.

Жастар мені не қылсын,  
Бөлемесем ән-күйге.  
Аралап аспан кеңісін,  
Жанбасам жайнап әр үйде.

Ағайын, туған не қылсын,  
Ардақтап әлпеш етпесем.  
Зейнетті игі тұрмысын  
Қошемет құрмет етпесем.

Бала мен келін не қылсын,  
Немеремді сүймесем,  
Қызығына қуанып,  
Ауырына күймесем.

Жан болғаным құрысын,  
Жүрекпен бәрін сезбесем.  
Туған елдің тынысын.  
Даналығын сезбесем.

## УАҚЫТ ТІЛІ

Әр сағаттың бізге қымбат тілі бар,  
Бір минутын босқа өткізбе кешігіп.  
Әр тәуліктің жылға тұрар сыры бар,  
Уа, достарым, біле білсен, осыны үқ!

Еңбекті адам, адамды еңбек жетелеп,  
Тек қайсарлар шығар қия қырына.  
Ойлама сен жолы оның тәте деп,  
Уақытты озып шығу қын шыңына.

## ДОСТАРЫМ БАР

Достарым бар өмірі көктем гүліндей,  
Кәрілігінді жойдырар.  
Достарым бар көңілі шілде күніндей,  
Ықыласымен тойдырар.

Достарым бар өмірге ортақ ниеттес,  
Ақ пейілі жан-жүйемді ерітер.

Достарым бар көз алдынан бір кетпес,  
Әрқашанда сезімімді сергітер.

Достарым бар, дәмдес,  
Сырлас,  
еңбектес,

Жүрегі пәк,

Күлкісі бір мереке

Достарым бар туған елмен келбеттес,  
Жүрген жері береке.

## БӨБЕГІМ

Бір сүйсем мен тампиған  
Құлыншағым, мұрныңнан.  
Аталық жүрек елжіреп,  
Шалқимын сонда жылыш жан.

Көзім түссе көзіңе,  
Жүрегімді ала үшамын.  
Әлім жетпей тәзімге,  
Мейірлене құшамын.

Мен үшін құлқің, бөбегім,  
Өмірге тең дер едім.  
Сарқылмайтын бір теңіз  
Өзіне деген өлеңім.  
Сен қуаты әрқашан  
Тозығы жеткен дененін.

Жасай бер өрен, балдырған,  
Қызығың мейір қандырған.

Сендермен өмір гүлденіп,  
Сендермен жаным жаңғырған.

Сендер ғой өмір тұлғасы.  
Сендер ғой көңіл шұғыласы.  
Сендер ғой сөнбес шамшырак,  
Әрқашан болар жыр басы.

## ГҮЛ ӨСІРДІМ

Гүл өсірдім, терек ектім сәнді ғып,  
Ұрпактарға мұра бол деп мәнгілік.

Тербеледі түрлі шырша мәуелеп,  
Бұтағында құстар сайрап тойлайды.  
Гүл үстінде кезек ұшып көбелек,  
Қызыл-жасыл жапырақпен ойнайды.

Жиналып кеп гүл бағыма жер-көкten,  
Шаттық әнін шырқағандай құстар кеп.  
Әсем әні көңілімді тербеткен,  
Қарай берем қызығына құштар бол.

Көңілім — күн,  
Жүрегім — от лаулаған,  
Гүлім сәнді,  
Құстарым шат ән салған.  
Іші-сырты үйімде ән үнемі,  
Менің бағым гүлжазира аумаған,  
Көрген адам таңдай қағып тамсанған.

# ӨЗІМНІҢ ЖИҮРМА БЕС МУШЕЛІМЕ

## I

Жігіттік, лапылдаған сен бір жалын,  
Бойды алып,  
Уландырар дертің қалың.  
Бір күні алдай тастап,  
Өте шығар  
Қылышың айтпасаң да маған мәлім.

Ардақты, абзал жақсы ардагердің  
Бірін де аямайсың, ашып жаның!  
Талайлар арманда бол өтіп жатыр,  
Менің де тоқта деуге келмейді әлім.

## II

Жастықта бір арманым — тірі жүрмек,  
Жас құрбы — жақсылармен ойнап-  
кулмек.

Жігітке жетпіс өнер аз дейді ғой...  
Шамаша әрбір түрін іздең көрмек.  
Бір сырлы,

Сегіз қырлы жігіт болып,  
Өнермен басқаларға үлгі бермек.  
Дариға,

жиұрма бестің дағуасымен  
Қырандай шарықтайды көніл желдеп.  
Ақыры бір күн сенен айрылармыз,  
Бір кезде, келсе кәрілік көлденендеп.  
Ешқайда бас бата алмай отырармыз,  
Шал болып, алған кезде әбден мендеп.

## **АЛЫРТ ШАҚ ӘЛІ ЕСІМДЕ**

Өмірдің салқыны бар,  
Жарқыны бар,  
Жасауға жарқын өмір халқым құмар.  
Уа, достым, мен де соның бір мүшесі,  
Көзде от, көңілде уыт қарқыны бар.

Ойласам өмір теңіз толқып тасқан,  
Сол өмір жырымның да көзін ашқан.  
Дегендей шабыт оты шарықтайды,  
Жарытып жазбасам да өзім дастан.

Әп-сәтте түспесе де бәрі есіме,  
Оралып өмірімнің белесіне,  
Толғанып, қарт қырандай қанат қағып,  
Қолға алдым домбырамды кенесуге.

Балына бала шақтың тоя алдың ба,  
Қолда құрық,  
Мен жаяу,  
Кой алдымда,  
Зыр қағып ертелі-кеш жүрген шақта  
Бікке құлашымды жая алдым ба.

Тоймақ түгіл, жастықта жарыдым ба,  
Тумай жатып ұшырып «қағындыға»,  
Тек қана маған жоқтық арналғандай  
Аңсаумен күн өткізіп таң нұрына.

Сондағы ой-арманым қиялдаған  
Іске асып жазирадай жайнап заман,  
Лениндік Октябрьдің таңы атып  
Еліме бақыт қонып, құт орнаған.

Күн сонда шашып бізге нұр сәулесін,  
Көтерген қорлықтағы ел еңсесін,  
Мен де азат бол жиырмада қатарға еніп,  
Жолығып шат заманға кірді-ау есім.

## КӨРІЛІККЕ

Көрілік өрісті азайтты,  
Жер тар болды,  
Күшті азайтты, жыл санап кемтар болды.  
Жарға соғылып, шегінген толқындай-ак,  
Көніл бей-жай,  
Денеміз дел-сал болды.

Кейде отырам сырласып домбыраммен,  
Қос шекпенен қосылып, қоныр әнмен.  
Кейде отырам іштей бір тоқтау айтып,  
Не түсер деп бекерге болдырғанмен.

## ДОМБЫРА

*Арнау*

Ызындал құлаққа әлсіз бір үн келді,  
Еріксіз тебірентті бұл үн мені,  
Көңілсіз ел,

Көріксіз қыр елестеп,  
Шерлі мұн, қасірет зары күбірледі.

Алыстан жетті сол үн талықсыған,  
Сияқты әлденеге жан қысылған.  
Кейде нәзік сыйылтып,

Кейде күмбір,  
Қобыз ба,  
Домбыра ма ыңырсыған.

Отырмын баяу үнге түсіне алмай,  
Отырмын себебі не түшіна алмай.  
Қалыппын осыншама ойға батып,  
Киялдың көгершінін үшыра алмай.

Қыспақты, қысталаң шақ өтіп бастан,  
Өмірдің тарих ол сырын ашқан.  
Көнілдің күй алуан шерін аршып,  
Тынымсыз дәуір кешіп ілгері асқан.

Бұлқынып талай ғасыр атой беріп,  
Вулкандай нелер кеуде жалын атқан.

Шалғайға жарық іздең,  
Кұлаш ұрып,  
Бостандық — деген арман күн-түн  
қатқан.

Мазалап осы бір жай талай түндер,  
Менің де сезімімнің кілтін ашқан.  
Сол үннен көргендей бол заман көшін,  
Толғанып бүгін міне жаздым дастан.

### 1 - т а р а у

О, домбыра, қажыдың сен, шаршадың,  
Қайғысына ортақтасып баршаның.  
Көп құмарттың бір көруге жарықты,  
Көз талдырып қуанышты аңсадың.

О, домбыра, алғаш сені көргенде,  
Шығар-шықпас жан бар еді қеуденде.  
Ұшқын түрді көмейімде жалынды,  
Бірақ болдым тіл байланып шерменде.

Ол кезде сен жалғыз болдың, жас  
болдың,  
Қайғың ауыр, инің жалаңаш болдың.  
Толғай бердің, бас имедің бүгіліп,  
Жоғын жоқтап қамқоршыдай тапшы  
елдің.

Тұрды өмір күткен алда құлпырып,  
Тұрды көңіл бәйге атындај жүлкүнып.  
Бақыт күткен өмір сүйген жас жүрек  
Соқты тулап үнемі алға ұмтылып.

Тұрды өмір — күткен арман күлімдеп,  
Шешек атқан балғын гүлдей дірілдеп.

Екпінді күй сапырылып шанақтан  
Тасқындағы бірте-бірте гүрілдеп.

Жалғай берді,  
Сарнай берді домбыра,  
Үзіліссіз махаббатты қоздыра.  
Шырылдады бозторғайдай бишара  
Бір тынымсыз қолдан-қолға қонды да.

Тоты құстай сұлу өмір сыландалап,  
Өте берді ғашықтардай бұраңдалап.  
Үміт үдең,  
Жүрек қылын шертіп ол  
Толқып жатты, шабандоздан күй андалап.

Оттай шарпып домбыра да күй дауыл,  
Қосып үнін шанқобыз бен шындауыл.  
Кетті шарлап Сарыарқаңың даласын,  
Теке теріс екі дайда түрді ауыл.

Шалқи берді ыстық лепті, ызғарлы.  
Досқа балдай,  
Дүшпанына мұз-қарлы.  
Жоғалмастай,  
Мәнгі өшпестей пәк сезім,  
Өтті күндер, тарихта өшпес із қалды...

О, домбыра, құдіретті, домбыра,  
Ақ қеудене арманыңды қондыра.  
Алып ұштың дауылпаздай күйінді  
Жер жиһаннан асырам деп оздыра.

Сарыарқада күні-түні сабылып,  
Күніренумен шерге батқан, домбыра.  
Ақ армандай аh ұрумен сағынып,  
Толғанумен терге батқан, домбыра.

Күмбір-күмбір көне күміс көмейің,  
Көніл кірін аршығандай, жудыра.  
Үстем болғыр — сенің ылғи мерейің,  
Сөйлеші бір, сыр төгілсін, домбыра.

\* \* \*

Солай бір ләззат ала алмай,  
Өмірден ықтын таба алмай;  
Қасірет шеккен сол бір күн  
Есінде ме, домбыра?!

Кең жазықта көсіліп,  
Сөз айта алмай шешіліп,  
Тіс қайраумен өткен күн  
Есінде ме, домбыра?!

Астыңнан атынды алдырып,  
Қанатынды талдырып:  
Адасып ақыл,  
                  Азған күн  
Есінде ме, домбыра?!

Шымырлап, қайнап, мөлдіреп  
Сылдырап аққан бұлақтай,  
Жайқалған әсем желбіреп  
Балапан-бала құрактай.  
Тәтті жырың қор болған  
Есінде ме, домбыра?!..

Сүйемін сені, бұлбұлым,  
Сөйлейтүғын күн бұгін.  
Құмарын елдің тарқатшы,  
Шежіре-шешен, домбыра.

Жанарында тамшылап,  
Төгілген жасың, домбыра.  
Қотыр атты қамшылап,  
Мәңгірген басың, домбыра.

Көнілім — толқып, соны айтсам  
Қағамын қатты, домбыра.  
Қағудан, сірә, жалықпан,  
Ырғағың тәтті, домбыра.

Ешкім сонда бабыңды  
Таба алмады, домбыра.  
Жазықта жазып баурыңды,  
Шаба алмадың, домбыра.

Қайғылы жігіт,  
Мұнды қыз,  
Үнін қосқан, домбыра.  
Зарын тыңдалап ай-жүлдyz  
Мұнын қосқан, домбыра.

Адам түгіл, аңдардың  
Тілін тапқан, домбыра.  
Айдаңардай хандардың  
Жынын қаққан, домбыра!..

Еділ-Жайық арасын,  
Алтай-Каспий даласын,  
Қанат талмай қақ жарып,  
Қең шарлаған, домбыра.

Біреудің боздақ данасын,  
Біреудің сәби баласын,  
Естіртіп, тоғыз толғанып,  
Күй арнаған, домбыра.

Жібек жұзді, жез бүйда  
Боз іңгенді боздатып.  
Үш жұз алпыс тамырдың  
Бәрін бірдей қозғалтып.

Он саусақтың үшімен,  
Сиқырлы күйдің күшімен,  
Ботасын еске түсіріп,  
Исіндірген, домбыра.

Хан ордасын қаңыратып,  
Ханша-ханымды аңыратып,  
Дайрабайдың сүр қобyz  
Шаңырағына ойнатып.

Ханның жауыз жарлығын,  
Замананың тарлығын,  
Екі шектің зарлы үні  
Түсіндірген, домбыра.

Күркіреген күшті күй,  
Жауға айбынды, сұсты күй,  
Қынаптан қылыш суырып,  
Өкім қылған, домбыра.

Сарбаздарын самғатып,  
Керегесін қаусатып,  
Дөдегесін қиғылап,  
Отын қылған, домбыра.

Туырлығын тілгілеп,  
Үзік бауын үзгілеп,  
Тұлпарына батырдың,  
Тоқым қылған, домбыра.

Дуадақ ұшпас шөлдерді.  
Құлан жортпас жерлерді,  
Жалғыз құрай паналап,  
Қоңыс қылған, домбыра.

Жапан кезген ерлерге  
Саялы салқын белдерде,  
Сүйеу болып, дем беріп  
Таныс қылған, домбыра...

Есіл-Ертіс ен жайлау,  
Қырысыз белес — кең жайлау.  
Бақытым деп болашак,  
Сарыла кезген, домбыра.

Бір кезгендег мол кезіп,  
Үдере жортып, жол тозып,  
Жаны дамыл, жай таппай  
Ұйқыдан безген, домбыра.

Үміт күтіп өмірден  
Сый іздеген, домбыра,  
Асқақ-алып көнілден,  
Күй іздеген, домбыра.

Кезеріп ерін, шөліркеп  
Шаңырқаған, домбыра,  
Қарасар жан жоқ есіркеп,  
Жабырқаған, домбыра.

Қектемдей гүл тәгілген,  
Шанағың — шалқар, домбыра.  
Өрнекті күй өрілген  
Сағағың — асқар, домбыра.

Бұлығып, кекке тұншыққан  
Сұнғыла туған, домбыра.  
Қашып аулақ қырсықтан,  
Құлшына туған, домбыра.

Жақсы үмітті ансаған,  
Көп тілекті, домбыра.  
Ерлік еткен қаршадан  
Сом жүректі, домбыра.

Ашынған үнің басылмай,  
Иіліп-қорқып бас ұрмай,  
Қез тігіп алға үнемі,  
Көп ынтықтың, домбыра.

Қараша үйде тыңқылдап,  
Ауырмай ауыр ыңқылдап,  
Түбегейлі, тұңілмей,  
Үміт күттің, домбыра.

Дел-сал болып дүние  
Тұрғандай таппай шын ие,  
Үңіле қарап өмірге,  
Жұлқына түстің, домбыра.

Есер басшы, есіз ел  
Баарын қайды білмеген,  
Егесе туған есіл ер  
Куреске шыққан күйменен.

Соның бірі ардагер  
Құрманғазы — от-жалын,  
Жастайынан жауласқан  
Ықтырды күймен дүшпанын.

Құй тыңдасқан шаршы топ,  
Қекірек кере күрсінген,  
Би-болысқа қарсы боп,  
Қарғыс айтып сілкінген.

Дәuletкерей, Тәттімбет  
Бұрқанып күймен ер жетті.  
Жүрекке тулап отты кек  
Сарыарқаны тебірентті.

«Қекей кесті» күйқылжып,  
Тер тамшылап қүйылды.  
«Қебікшашқан» ышқынып,  
Ақ толқынды үйірді.

Шілде де боран бұрқатқан  
Нажағай көкте күркіреп.  
Дөңбекшіп, теңіз үн катқан  
Қосылып күйге дүркіреп.

Безек қағып «Айжан қызы»,  
Тенселгендей шың мен құз,  
Қуй өршіген өрістеп,  
Сазына балқып ұл мен қызы.

Болса да қанша тұрмыс тар,  
Тағдырын өзі билеген,  
Азаттық құткен ел құштар  
Тарқатты шерін күйменен.

Ерлердің сондай қолында,  
Азаттық арман жолында  
Табанды ерсің таймаған,  
Қашанғы мықты, домбыра.

## 2 - т а р а у

Жылдар сөйтіп өткенде,  
Жылжып теңдік жеткенде,  
Кекжиектен күн туып,  
Азаттық алдың, домбыра.

Содан бері елімнің  
Әні болдың, домбыра.  
Бұл жазира жерімнің  
Сәні болдың, домбыра.

Коммунистік қауымның  
Нұры болдың, домбыра.  
Космонавтық дәуірдің  
Үні болдың, домбыра.

Алаулаған ақынның  
Жыры болдың, домбыра.  
Тілекtes дос-жақынның,  
Тілі болдың, домбыра.

Советтік жаңа өмірде  
Әрісі кеңіп халықтың,  
Жайылып жер жүзіне,  
Себілді сәүле — жарық күн.

Ашылып жол-шүфыла,  
Қызған еңбек майданы,  
Күй бағында домбыра  
Жаңа сазбен сайрады.

Дәл он сегіз жасына  
Келгендей Дина бүралып.

Ағылтты күйді ашына,  
Домбыра алып сыбанып.

«Адай» күйі — анқылдап,  
Тамылжытты «Бұлбұлды».  
«Ақку» күйін алқымдап,  
Тотыдай мың құбылды...

Толқынға, толқын ұласты,  
Кемерден асып жатқандай,  
Кейде тәтті, кейде ашы,  
Өмірдің балын татқандай.

«Ақсак-құлан», «Жез киік»,  
Жасын төгіп жатқандай,  
«Қайран шешем», «Бестөре»  
Қосарлап жүйрік шапқандай.

Елжіретер жүректі  
Балқып ойға батқандай.  
Бір жоғары, бір төмен  
Таудан бұлақ аққандай.

Гүл төгілткен көмейден,  
Ару ана — ақ маңдай.  
Тыңдағанға дем берген,  
Арманын асыл тапқандай.  
Ұрпағына мұра бол  
Динадан қалған, домбыра!..

Жамбыл, Доскей, Шашубай  
Сөз сөйлеген саралап.  
Төбеден түскен жасындай  
Жау жүрегін жарагап.

Тауды бұзған тасқындай,  
Жыр нөсерін сабалап.  
Өре жетпес асудай,  
Туындаған жаңалап.

Бармаған елі қалмады,  
Өлкे бойын аралап.  
Сағ алтындаій салмағы,  
Әткіздік бәрін ағалап.

Өңшең ділмар — саңлағы,  
Поэзия албы —  
Бар жырын өмірге арнады,  
Әлемге тараң дабылы.

Кремльден таң нұры  
Аялап,  
Сүйген бір күні.  
Қөтерген сонда өрендер  
Арманың бар ма, домбыра?!

Ертістің сонау жағасын,  
Жаңғыртып,  
Арқа даласын,  
Ел көңілін көтеріп,  
Секілденген жел көрік,  
Ән тәңірісі — Әміре  
Халқының мейірін қандырған.  
Аңқылдаған асқақ үн  
Кеудесін тербел аспанның.  
Шарықтаған шағында,  
Құлак түріп, ай-жұлдыз  
«Ағаш-аяқ» әніне,  
Естіртіп елдің бәріне,  
Тамсантып таң қалдырған.

Сондай абзал әнші аға  
Өтсе де жылдар қаншама,  
Есімде менің әлі де,  
Жақсы көрген адамың  
Сақтауымен сананың,  
Ұмытпас сірә, мәңгіге,  
Ол кезде мен баламың,  
Сақа жігіт Әміре.

Өнері асқан — даңқымен  
Парижге сонда барған-ды.  
Жарысқа түсіп жалпымен,  
Бірінші жүлде алған-ды.  
Кең тынысты сиқырлы ән,  
Қақ жарғандай бұлтты.  
Есі кетіп көрген жан  
Қолы іскенше ұрыпты.  
Сондай биік бағалы  
Қасиет тұтып ағаны  
Ұрпақтары өзіндей,  
Есіне алып әрқашан,  
Домбырасын көзіндей  
Мәпелейді, бағады....

Көкшетауды көтере,  
Шарықтаған шалқып ән.  
Ақын жүзі албыртып,  
Шыңдарды шарлап, шалқыған.

Әсем қайың, өрім тал  
Ән сырын мұлгіп тыңдаған.  
Жұпар иісті жас көгал  
Ақынмен бірге жырлаған.

Қәрінен жау шайқалған,  
Кеудесін ыза кернеген,

Елін сүйген азамат,  
Жатқа сырын бермеген,  
Қажырлы-қайсар ғаламат.

Махаббат құсын ұшырып,  
Сезімін шыңға бойлатқан.  
Нұр сәулесін түсіріп,  
Көніл күйін ойнатқан.

Ақбоз атын тайпалтып,  
Тау ішінде шырқаған.  
Қызғалдақтай жайқалтып,  
Қылаң қаққан қырқадан...

Соларды жырлап, ән қылышп,  
Ат қойып өшпес мәңгілік,  
Қүй перне деп ардақтап,  
Сәкен тартқан, домбыра.

Есіл, Ертіс, Алтайды  
Аралап, ән сап тербеген.  
Дастан жазып, әр жайды  
Талай топта терлеген.  
Әбден қызып алғанда,  
Сөзден өткел бермеген.  
Мұндай төкпе жалғанда  
Ақынды, сірә, көрмеген.

«Қарай гөр домбыраның еркесіне,  
Исаның шығып кетті желкесіне».  
Деп соққанда желді өлең,  
Жарысқандай желменен.

Домбыраның бетінде,  
Он саусағы зуылдал.

Ұқсап бір күшті екпінгे,  
Құйғандай топан сұылдап.

Көрінетін бейне бір  
Жалт еткендей электр,  
Жүргінді қозғайтын,  
Тартқанда Иса, домбыра!..

Жинап алып жастарды,  
Көк майсаға оранып,  
Ән шырқасып асқарлы,  
Біресе жайлап, дем алып,  
Таласа тыңдал жақсы әнді,  
Біресе кезек қолға алып,  
Сауық құрған,  
Домбыра.

Толассыз ән-күй шарқ ұрған,  
Шабытын ашып көнілдін,  
Қызықпен өтер әрбір таң,  
Гүл бағында өмірдің...

О, домбыра, домбыра,  
Құлағынды тең бұра,  
Бұл жырды саған жүректен  
Арнағалы көп болды.  
Өткізгендей електен,  
Талдағалы көп болды.  
Жаза салмай, кенеттен,  
Таңдағалы көп болды.

Домбыра десем,  
Дариға-ай,  
Әкем еске түседі.  
Өтті ғой ол арманда,  
Ақ пейіл, ақын кісі еді.

Жанарында бір тамшы  
Тұруши еді мөлтілдеп.  
Мен өтсем де, сен қалшы  
Деуші еді марқұм елпілдеп.

Сол сөзін ылғи қайталап,  
Жылы леппен айтатын.  
Жетелеп, кейде арқалап  
Жұмыстан кешке қайтатын.

Домбыра жасап мен үшін,  
Сегізімде үйретті.  
Жалғады солай қол үшін  
Күмбірлеп сөйлеп күй кетті.

Арманы ақыр акталып,  
Заманым алға өрледі.  
Заманға нұрлы шаттанып,  
Қағамын қос шек-пернені.

Қуаныштан қуаныш  
Жүргімді тербеді.  
Жаңалана берді енді  
Дастанымның өрнегі.

Қайда барсам, алдымда,  
Өнерпаз өңшең күйші, әнші,  
Қунде думан ал, мұнда,  
Достым, шындал зер салшы.

Немере, үрпақ-шәберем,  
Гүл майысқан, балауса.  
Шалқытады ән-әлең,  
Домбыраны қолға алса.

Қыз-келіншек, жігіттер,  
Мәуелеп өскен жапырак,  
Ізетпен елін құрметтер,  
Риза бұған атырап.

Күмістей ай, нұрлы күн  
Орнады десем — жерімде,  
Дей алмас бекер дәл мұны  
Қас дүшпан да тегінде.

Әйткені көне шежіредей,  
Сайрап тұр домбыра шегінде.  
Мекен жоқ мынау жерімдей,  
Жерімсіз, сән жоқ өмірде.

Қызығына өмірдің  
Ниетім жоқ тойғандай.  
Мақсаты сол көнілдің  
Бұдан бөлек ой қандай.

О, домбыра, домбыра,  
Сегіз жастан сырласым.  
Болдыра көрме, болдыра.  
Ежелгі алып тұлғасың.

Жастайымнан жармасып,  
Домбыра, сені үстадым.  
Жас шағымнан ән тасып,  
Арта берді құштарым.

Мұлік орнына мұра ғып,  
Тапсырған әкем — үстазым.  
Тастамадым қолымнан  
Көрсем де өмір қыспағын.

Құліп жүрді мазақтап,  
Тәкаббар бай — дүшпаным,  
Немереге мұра деп,  
Мен де бүгін нұсқадым.

Асыл мұра — ардақты,  
Қүй шерткен көне, домбыра.  
Тар заман талай зарлатты,  
Жан ашыр, сірә, болды ма.

Енді сені мейірлі  
Қадірлейді, Астанам.  
Құрасың күнде сейілді,  
Өзгерген мұлде баспанан.

Жібек — шек, күміс — тиегін,  
Шебер де, шешен, домбыра.  
Халқымдай шексіз сүйемін,  
Жасай бер мәңгі сен — мұра!

## МАЗМУНЫ

Эңші ақын . . . . .	3
Қош бол, жастық!	5
«Жырым көп менің» . . . . .	6
Домбырам . . . . .	6
Елден алдым . . . . .	7
«Келсем де осынша жас қырларына» . . . . .	7
Туған жерім — Айтуар . . . . .	8
«Жалағаш»— құт мекенім . . . . .	9
Шалқыды жыр . . . . .	14
Қазақстан . . . . .	14
Алатай . . . . .	17
Алтайға . . . . .	18
Марқакөл . . . . .	18
Зайсан . . . . .	19
Ертіс әні . . . . .	20
Қекшемен сырласқанда . . . . .	21
Біржансал ауылында . . . . .	22
Қариялар сырласты . . . . .	23
«Ақын менен әншінің» . . . . .	24
Өсірген елім түлегін . . . . .	25
Алтын ғасыр аясында . . . . .	26
Ленин нұры . . . . .	27
Отаным . . . . .	30
Жігөрім алмас — жебедей	30

Қайырлы таң . . . . .	31
Көктем шумақтары . . . . .	32
Жеке шумақтар мен егіз жолдар . . . . .	33
Сандалбай . . . . .	35
Не қылсын . . . . .	36
Уақыт тілі . . . . .	37
Достарым бар . . . . .	37
Бебегім . . . . .	38
Гүл өсірдім . . . . .	39
Өзімнің жиырма бес мүшеліме . . . . .	40
Албырт шақ әлі есімде . . . . .	41
Кәрілікке . . . . .	42
Домбыра . . . . .	43

## *ҚҰРМЕТТИ ОҚУШЫ*

«Жазушы» баспасынан 1974 жылы жарық көретін тәмендеңідей таңдамалы шығармаларды алдырып оқуларыңызға болады:

**Кенен ӘЗІРБАЕВ** — «*Алатау шыңы*».

Көлемі 20 баспа табақ.

**Тұрсынхан ЭБДІРАХМАНОВА** — «*Кемел*».

Көлемі 7 баспа табақ.

**Тоқаш БЕРДИЯРОВ** — «*Күндерім менің, күндерім*».

Көлемі 8 баспа табақ.

**Шамиль МУХАМЕДЖАНОВ** — «*Шагала көңілім, шарықта*».

Көлемі 8 баспа табақ.

**Шона СМАХАНҰЛЫ** — «*Қоңыраулы шеңгел*».

Көлемі 8 баспа табақ.

Алибаев И.

АЙТУАР

*Стихи и поэма*

(на казахском языке)

Редактор *Ш. Смаханулы.*

Художник *С. Кұнаев.*

Худ. ред. *С. Табылдиев.*

Тех. ред. *С. Йісанов.*

Корректор *З. Тұлетаева.*

Сдано в набор 6/VII-73 г. Изд. 262. Подписано к печати 15/I-74 г.  
Бум. тип. № 1.  $70 \times 90\frac{1}{32} = 2,0$  печ. л.—2,34 Усл. печ. л. (Уч.-изд.  
л. 2,31). УГ 03508. Тираж 8600 экз. Цена 24 коп.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091.  
пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 655. Фабрика книги Главполиграфпрома Госкомитета  
Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии  
и книжной торговли, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.